

“Вал Айым” бобеккап бакыт

Алғыс саған, Алтын күз!

Тәрбиеці: Бейсова Гузира
Уристемова Сапиғат

Топ: “Балтауса” ересек тобы

2024 – 2025 окуйыншы

Алғыс саған, Алтын күз

Балалардың күз мезгілі туралы алған білімдерін тиянактау, күз ерекшеліктерін, күз сыйын ұғындыра отырып, балаларға мерекелік қөніл-күй сыйлау.

Көрнекіліктер: Залдың іші күз мерекесіне сай безендірілген. Мысалы: шиырма - құстың, ағаштың, жапырақтың суреттері, күз жәрменкесі, яғни - жемістер мен көкөністер салынған себеттер.

Жүргізуші:

Куандырып біздерді,

Мерекелі күз келді.

Кел жемісті алтын күз

Кемелденсін халқымыз.

Құрметті ата-аналар, балалар, тәрбиешілер «**Алғыс саған, Алтын күз**» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Жүргізуші: Шоғы толған гүлдей жайнап,

Шакырады жарқын жүз.

Сайрандаған күліп-ойнап,

Келді міне алтын күз.

I) Қызықтыру сәті: залға «**Күз ханшайымы**» кіреді.

Күз ханшайымы: Сәлеметсіндер ме балалар!

- Мені таныдыңдар ма?

- Не тойлап жатсыңдар?

- Күз туралы және он ың ерекшеліктері туралы кім біледі?

Балалардың жауабы: Күзде табигат ерекше күйге енеді. Жапырактар сары, қызыл болса, алқаптағы шөптер қоңыр, сарғыш түске боялады, құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Күн біргіндеп қыскарады, жауын –шашын көбейіп, күн суытады. Күзде жеміс-жидектер, көкөністер, бақша дақылдары, егістіктері астық пісіп, қамбаларға жиналады. Күз мезгілінде 3 ай бар, олар: қыркүйек, казан, қараша. Күз - жылдың берекелі мезгілі.

Күз ханшайымы: - Ой жарайсындар балалар

II) Жүргізуші: Жарайсындар, балалар. Ендеше Күз мезгіліне арнаған тақпақтарынды айта қойындаршы.

Ақмарал: Күз келді қарашы,
Айнала сап – сары.
Астыққа толтырды,
Диқандар қамбаны.

Айшабиі:

Бау – бакшаны жинаймыз,
Дәруменге тоймай біз.
Жемістермен жидекті,
Балаларға сыйлаймыз.

Ясина: Мерекелі күз келді,
Берекелі күз келді.
Астық толып қамбага,
Куанышты ел енді.

Ахметәли: Қарашы күз келді,
Сап – сары бақтарда.
Құстарда қайтады,
Жып – жылы жактарға.

Айсұлтан: Күз көнілсіз демендер,
Ол молшылық берекен.
Қыска азық беретін,
Колы жомарт кең екен.

Аршат: Күздің әнін сұық жел,
Көнілсіз бір салады.
Аспан бұлтты жасыл жер,
Сап сары боп барады.

Медина: Эн салындар келіндер,
Жайнап гүлдей жүріндер.
Күздің тойын тойлайык,
Би билейік ойнайык.

Хакназархан: Алқаптан бидайды,
Коймага ел жинайды.
Тырнасы тізілген,
Үннатамын Күзді мен.

- **Күз Ханшайымы: Жарайсындар**, балалар, недеген тамаша. Балалар, ойын ойнауга қалай қарайсындар.

- **Балалар:** - Иә, ойнаймыз. «Жемістер мен көкөністердің дәмін ажырата білесінбей?» ойыны

III) Жүргізуши: Біреу астық түсіріп

Біреу бидай ұшырып

Жатқан мезгіл күз екен

Алдым соны түсініп – дей отырып келесі ән шашуымызды қабыл алғызыздар.

IY) «Күз келді» ХОР.

Аяла: Берекесін сыйлауға,

Өлкемізге күз келді.

Жемістерін жинауға,

Шақырады біздерді.

Әлімжан: Сап сары маңай,

Сап сары тогай.

Сонғы әнін айтып,

Күс кетті қайтып.

Мүсілім: Алақай! Алақай!

Шаттанды балакай.

Күз түсті, дән пісті,

Айтамыз алғысты.

Айжан: Сарғайды тогай,

Сап сары маңай,

Сонғы әнін айтып

Күс кетті қайтып.

Асылым: Алтын сары қызыл көк

Алуан алуан жапырак,

Күзгі бакта кулімдеп

Көз тартады атырап.

Сырым: Алқаптан бидайды,

Қоймага ел жинайды.

Тырнасы тізілген,

Ұнатаңын Күзді мен.

Аслан: Жапырақ ұшты,

Суықта түсті,

Сонда да бізге

Қызық көп күзде.

Жүргізуші: Күз ханшайымы біздің балаларымыздың өнерлері бұнымен шектелмек емес балаларымыз өте талантты қане төрлетініз біздің өнерімізді тамашалаңыз.

Ү) көрініс:

Жүргізуші: Жатыр дала жалтылдап,

Жаз шуагы мол құйды.

Күн астында алтын дән

Тербеледі толқиды

VI) Қырманға кел Қалқатай (Ұл балалар)

Күз ханшайымы: Ой балалар менің көңіл-күйімді көтергендеріне сендерге көп-көп рахмет. Өнерлерің үstem болсын өте талантты балалар екенсіндер, келесі күз келгенше білімдерінді де өнерлерінді де өрістете беріндер.

- «**Күз ханшайымы**» балаларға рахметін айтып қоштасады. Ал мен сендермен қош айтysамын, сау болындар. (Күз ханшайымы залдан шығып кетеді)

ХОР: Күз тамаша

Жүргізуші:

Берекелі бақ дәulet,

Арта түссін тойланып.

Сау болындар балалар,

Келгенше жыл айналып.

Демекші міне балалар күзде аяқталып қалды, енді қылышын сүйретіп қыс келмекші. Күзге айтарымыз берер сыйын жылдан-жылға көп болсын елде тыныштық болсын дейміз. Осымен «**Арайлы, Алтын Күз**» атты ертengілігіміз аяқталды көңіл қойып тындағандарыңызға к





